

Диалогтық оқыту



Диалогтік оқытудың тиімділігі.



Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады.

Мерсер мен Литтон

Диалогтық оқыту ұжымдық (мұғалім мен бала бірігіп тапсырманы орындайды) **және өзара білім алмасуға жағдай туғызатын** (мұғалімдер мен балалар бір-бірін тыңдап, идеялармен бөліседі және балама көзқарасты қарастырады) **және қолдаушы** (балалар қате жасауға бергені үшін қорықпай, өз идеяларын еркін жеткізіп, бір-біріне өзара түсінікке жетулеріне көмектеседі) **оқыту тәсілі болып табылады.**



Александр тәжірибеде зерттелген диалогтің 5 үлгісін анықтады:



- **1.МЕХАНИКАЛЫҚ** (мұғалім –сынып): қайталау арқылы фактілер мен идеяларды зерттеу




- **2.АУЫЗША ЖАУАП** (мұғалім-сынып немесе мұғалім-топ) : мұғалім сыныпқа қайталауға арналған сұрақ қойып, оқушылардың жауаптарын бағыттап отырады.



- **3.НҮСҚАУЛЫҚ/ТҮСІНІК БЕРУ** (мұғалім-сынып, мұғалім-топ немесе мұғалім-оқушы) оқушыларға ақпарат ұсыну немесе түсініктеме беру;



- **4.ТАЛҚЫЛАУ** (мұғалім-сынып, мұғалім-топ немесе оқушы-оқушы) ақпарат алмасу және проблемалық мәселелерді шешу мақсатында идеялармен танысу;



- **5.ДИАЛОГ** (мұғалім-сынып, мұғалім-топ, мұғалім-оқушы немесе оқушы-оқушы) құрылымдалған сұрақтар және нысаналы талқылау арқылы ортақ түсінік қалыптастыру;

Мерсердің зерттеуіне сәйкес әңгімелесудің 3 түрі бар:

Әңгіме-дебат

- Оқушылар бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды.

Кумулятивтік әңгіме

- Идеялар қайталанатын және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.

Зерттеушілік әңгіме

- Әркімнің идеясы пайдалы деп саналғанымен, мұқият бағалау жүреді, топтағы қатысушылар келісімге келуге тырысады.



Диалогтік оқытуда сұрақ қою маңызды орын алады.

Сұрақтардың түрлері: төмен деңгейдегі, жоғарғы деңгейдегі

Сұрақ қою техникасы: *түрткі болу, сынақтан өту, қайта бағыттау*
Түрткі болу: *сұрақты қарапайым етіп қою, өткенді нысықтау.*

Сынақтан өту: *толық жауап беруге, ойын толық айтуға итермелейді. "Сіз мысал келтіре аласыз ба?" деген сұрақтармен бағыттайды*

Қайта бағыттау - *сұрақты басқа оқушыларға бағыттайды. "Көмектесе алатындарың бар ма?" деген сұрақ қойылады.*

Нәтижесі:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- пікір алмасып, бір - бірінің идеяларын талқылайды, баға береді, ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады;
- сұрақтарға жауап беру арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік алады;
- оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектеседі;
- оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады;

**Диалог – балалардың
оқуға деген ынтасын
оята алатын пәрменді
тетік**